

"Қазақстан Республикасының аумағында кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіру қағидаларын және бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік "112" қызметінің өкілеттіктерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 138 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1051 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 15 ақпанда № 13079 болып тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Қазақстан Республикасының аумағында кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіру қағидаларын және бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік "112" қызметінің өкілеттіктерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 138 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10972 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы аумағындағы кезекші диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіру қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қазақстан Республикасының аумағындағы бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік "112" қызметінің өкілеттіктері осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне орналастыруды;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

полиция генерал-лейтенанты

К. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

А. Дауылбаев

2016 жылғы 15 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

А. Сәрінжіпов

2015 жылғы 28 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова

2015 жылғы 24 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

2015 жылғы 29 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

Н. Әбіқаев

2015 жылғы 31 желтоқсан

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2015 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 1051 бүйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2015 жылғы 23 ақпандағы

Қазақстан Республикасының аумағындағы кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіру қағидалары "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Зан) 12-бабы 1-тармағының 70-20) тармақшасына сәйкес әзірленді және төтенше жағдайлар туындаған кезде, адамдардың өміріне қауіп төнген және денсаулығына зиян келтірілген кезде және шұғыл көмек көрсету шараларын қабылдауды талап ететін өзге жағдайларда кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мына терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) авариялық-құтқару құралымы – авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған дербес немесе аттестатталған авариялық-құтқару қызметінің құрамына кіретін азаматтық қорғау күштерінің ұйымдық-құрылымдық бірлігі;

2) бірынғай кезекшілік-диспетчерлік "112" қызметі – төтенше жағдайдың туындау алғышарттары немесе туындауы, өрт, адамдардың өміріне төнген қатер мен денсаулығына зиян келтіру қатері туралы және өз құзыretі шегінде шұғыл қызметтердің ден қою жөніндегі іс-қимылдарын кейіннен үйлестіре отырып шұғыл көмек шараларын қолдануды қажет ететін өзге де жағдайлар туралы жеке және занды тұлғалардан келіп түсетін хабарламаларды қабылдау және өндеу қызметі;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесімен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, Азаматтық қорғаныс саласында басшылық етуді, сондай-ақ заннамада көзделген шекте қылмысқа қарсы құрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттің алдын алу мен оны сөндіруді ұйымдастыру саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

4) төтенше жағдайлар (бұдан әрі - ТЖ) – адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соққан аварияның,

өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай.

3. Қазақстан Республикасының аумағында өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтер

4. Қазақстан Республикасы аумағында, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің (бұдан әрі – КЖК) аумақтық бөлінісінің жауапты аймақтарында өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің құрамына:

- 1) ТЖК аумақтық бөлімшелерінің бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі басқармасы (бұдан әрі- БКДҚБ);
- 2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жедел басқару орталығы, аумақтық органының кезекшілік бөлімі;
- 3) жергілікті атқарушы органдың жедел медициналық жәрдем ақпараттық-диспетчерлік бөлімшесі;
- 4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің санитариялық авиация қызметі;
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті аумақтық органының кезекшілік қызметі;
- 6) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының әуе қозғалысын жоспарлаудың бас орталығы;
- 7) әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым объектілеріндегі авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын бақылауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдың кезекшілік-диспетчерлік қызметтері;
- 8) байланыс операторларының анықтамалық қызметі кіреді.

3. Қазақстан Республикасы аумағында кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіру тәртібі

5. Төтенше жағдайлар туындаған, адамдардың өміріне қауіп төнген және денсаулығына зиян келтірген кезде және өзге де шұғыл көмек шараларын қабылдауды талап ететін жағдайларда БКДҚБ өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіреді. Бұл үшін БКДҚБ орналасқан жерде мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерімен, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы байланыс инфрақұрылымымен ықпалдасады.

6. Кезекшілік-диспетчерлік қызметтермен өзара іс-қимыл жасауы күнделікті қызмет, жоғары әзірлік және төтенше жағдайлар режимінде ұйымдастырылады.

Күнделікті қызмет режимінде:

1) "112" БКДҚ жедел кезекшісі кезекшілікке түскен кезде байланыс арналары мен құралдарын тексереді, өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің жедел кезекшілерінің байланыс деректерін, нөмірлерін, шақыртулары мен басқа қажетті ақпаратты көрсете отырып, қосымша байланыс құралдарының болуы туралы мәліметті нақтылайды;

2) кезекшілік кезінде өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтер төтенше жағдайлар, адамдардың өміріне қауіп төнген және денсаулығына зиян келтірілген және шұғыл көмек шараларын қабылдауды талап ететін өзге жағдайлар туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

3) төтенше жағдайлар туындаған кезде, адамдардың өміріне қауіп төнген және денсаулығына зиян келтірілген кезде және шұғыл көмек көрсету шараларын қабылдауды талап ететін өзге жағдайларда кезекшілік-диспетчерлік қызметтер тиісті шұғыл қызметтерді тарта отырып, оларға ден қою бойынша іс-шараларды ұйымдастырады;

4) өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтерге төтенше жағдай туралы ақпарат келіп түскен кезде ол "112" БКДҚ жедел кезекшісіне шұғыл түрде беріледі;

5) кезекшілік-диспетчерлік қызметтер төтенше жағдайлар туындаған, адамдардың өміріне қауіп төнген және денсаулығына зиян келтірілген кезде және шұғыл көмек көрсету шараларын қабылдауды талап ететін өзге жағдайлармен байланысты оқиғаларға шұғыл ден қою бойынша іс-қимылы туралы Заңның 6-бабына сәйкес "112" БКДҚ-ға хабар береді.

Жоғары өзірлік режимінде:

1) "112" БКДҚ жедел кезекшісі жағдайды қадағалау, бақылау және болжай қызметтерінен, сондай-ақ әлеуетті қауіпті объектілерден ақпаратты жинауды және қорытындылауды жүзеге асырады;

2) "112" БКДҚ жедел кезекшісі қажет болған жағдайда тиісті бейіндегі өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің (өрт сөндіру қызметі, құқық қорғау қызметі, жедел медициналық қызмет, авариялық қызмет) жедел кезекшісіне радиациялық, химиялық, биологиялық, экологиялық, өрт және басқа да ахуалдар туралы, сондай-ақ төтенше жағдай аймағындағы барлық өзгерістер туралы ағымдағы ақпаратты жібереді;

3) өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің жедел кезекшісі ықтимал төтенше жағдай аймағындағы өз мамандандыруы бойынша ахуалдың өзгерулері туралы келіп түскен ақпаратты "112" БКДҚ жедел кезекшісіне дереу жібереді;

4) өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің жедел кезекшілері (осы қағидалардың 3-тармағының 5, 8) тармақшаларында көрсетілген

кезекші бөлімдерден басқа) төтенше жағдай қатері төнуі туралы ақпаратты алған кезде шұғыл ден қою құралымдарын жоғары әзірлікке келтіреді және "112" БКДҚ-ға олардың құрамы туралы деректер береді.

Төтенше жағдай режимінде:

1) төтенше жағдайлар туралы хабарлама алған кезде "112" БКДҚ жедел кезекшісі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 765 қаулысына сәйкес алынған ақпаратты сәйкестендіреді;

2) "112" БКДҚ жедел кезекшісі шұғыл тәртіpte тиісті бейіндегі авариялық-күтқару құралымдарын (өрт сөндіру қызметі, құқық қорғау қызметі, жедел медициналық қызмет, авариялық қызмет) төтенше жағдайлар аймағына шұғыл түрде жібереді;

3) төтенше жағдайлар аймағына қосымша шұғыл ден қою құралымдарын жіберу қажет болған кезде "112" БКДҚ жедел кезекшісі өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің тиісті жедел кезекшілеріне ол туралы шұғыл түрде хабар береді;

4) төтенше жағдай аймағына өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің жедел (4-тармақтың 5,8) т. көрсетілген кезекші бөлімдерден басқа) кезекшілері төтенше жағдай аймағына қосымша шұғыл ден қою құралымдарын жіберу туралы ақпаратты алған кезде көрсетілген іс-шараларды шұғыл тәртіппен жүзеге асырады және "112" БКДҚ-ға олардың құрамы, төтенше жағдай аймағынан кету және келу уақыты туралы деректер береді;

5) өзара іс-қимыл жасасатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтер алмасатын барлық хабарламалар, сондай-ақ зардап шеккендердің саны, оларды орналастыру орындары туралы мәліметтер 38-тармақта көрсетілген журналдарға тіркеледі.

4. Қазақстан Республикасы аумағында БКДҚБ қызметін ұйымдастыру

7. БКДҚБ қызметін үйлестіруді ТЖД бастығы жүзеге асырады.

8. БКДҚБ жедел қызметті ұйымдастыруға:

1) жедел-кезекшілік ауысымның (бұдан әрі - ЖКА) міндеттерін және құрамын белгілейтін құжаттарды, даярлықты және жедел кезекшілікті атқару тәртібін әзірлеу;

2) жедел кезекшілікті атқару орындарын дайындау және жабдықтау;

3) ЖКА дайындау;

4) басқару, құлақтандыру және байланыс құралдарының мақсаты бойынша қолдануға әзірлікте ұстau;

5) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбектің қауіпсіз жағдайларын сактау бойынша ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларын орындау;

6) жедел кезекшілікке дайындықты және атқаруды бақылау кіреді.

9. БКДҚБ жұмысын бастық немесе оны ауыстырушы адам ұйымдастырады, ол:

1) ЖКА қызметін ұйымдастыру және жедел кезекшілікті атқару барысында қызметтік тәртіпті сақтау үшін жеке жауап береді;

2) ЖКА-ға қойылған міндеттерді тиімді орындауды ұйымдастырады;

3) қызмет өткеруге түсетін ЖКА әзірлігін ұйымдастырады;

4) ЖКА қызметіне Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесі (бұдан әрі – АҚМЖ) құштері мен құралдарымен басшылықтың озық нысандары мен әдістерін енгізу мақсатында оның жұмысын талдайды;

5) жедел кезекшілік үшін кадрларды іріктеуді және оқытуды ұйымдастырады;

10. ЖКА кезекшіліктерін жоспарлау ай сайын жүзеге асырылады. Кезекшілік кестесін алдағы айдың 25 күнінен кешіктірілмей БКДҚБ бастығы, ТЖД бастығы бекітеді және ЖКА барлық жеке құрамының назарына қол қойып жеткізіледі.

11. ЖКА жедел кезекшілікке түсken кезде БКДҚБ бастығының немесе оны ауыстыратын адамның басшылығымен нұсқама жүргізіледі. Жедел кезекшілікке түсетін жеке құрамының әзірлігін айқындау үшін бөлімше бастығы:

1) лауазымдық нұсқаулықты білуін;

2) ЖКА пайдаланылатын жабдықтардың құрамын, бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалану және қолдану тәрбін білуін тексереді.

11. Кемшіліктерді жою туралы нұсқаулар мен өкімдерді орындауды тексеру алдынғы кезекшіліктегі АЖК іс-қимыл қорытындылары бойынша жүзеге асырылды. Басшылықтан алған нұсқаулар мен өкімдер АЖК назарына жеткізіледі, ТЖ бақылауында (ТЖ салдарын жою кезінде неге назар аудару қажет, проблемалық мәселелер, ТЖК АҚМЖ бөлімшелерінің іс-қимыл талауы), ауысатын АЖК жіберген қателіктер мен ескертулер, сондай-ақ жедел кезекшілік атқару кезеңінде АЖК міндеттері нақтыланады және қойылады.

12. АЖК ауысымы және жедел кезекшілікке түсуі тәулік сайын жүзеге асырылады. Кезекшілікті қабылдау (тапсыру) барысында жедел ахуал, АЖК қойған ұзақ мерзімді міндеттер, басшы құрамының орналасқан орны және басқа да мәселелер нақтыланады.

13. Кезекшілікке түсетін АЖК кезекшілікті қабылдау (тапсыру) жүргізу кезінде оларға жүктелген міндеттерді орындауға әзірлікте болады. Қабылдаудың уақыттылығы және нақтылығы, сондай-ақ басқарманың сигналдарын жеткізу, ауысымды өткізу уақытында алынған құлақтандыру мен өкімдер үшін АЖК ауыстыратын лауазымды адамдар жауап береді. БКДҚБ келіп түсетін кезекші ауысымы міндеттерді бөлуге сәйкес ауыстыратын қызметкерлерден қызметтік құжаттаманы қабылдайды. Келіп түсетін АЖК ол кезекшілік басталардан 1 сағат бұрын (сағат 08.00-де) кезекшілікке келеді. Кезекшілік кезінде қызметкерлерге әрбіреуіне кезекпен тамақ ішу және қысқа мерзімді демалу үшін жалпы ұзақтығы: үш ауысымдық кезекшілік - 6 сағат, төрт ауысымдық кезекшілік кезінде - 4 сағат үзіліс беріледі.

14. Келіп түсетін кезекші ауысымның жедел кезекшісі барлық анықталған кемшіліктер туралы 1-нысанға сай осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Қызмет

кітабына жазылады және ауысатын кезекші ауысыммен бірлесіп оларды жоюға шаралар қабылдайды.

15. Келіп түсетін және ауыстыратын кезекші ауысымдардың жедел кезекшілері кезекшілікті қабылдау және тапсыру туралы БКДҚБ бастығына немесе оны ауыстыратын адам жеке баянатпен баяндайды.

16. Жедел кезекші жедел кезекшілікке түскен кезде:

1) жедел жағдайдағы өзгерістерді зерделейді;

2) бақылаудағы ТЖ (олардың туындау себептері, қабылданған шаралар, оларды жоюға жұмылдырылған күштер мен құралдар, авариялық-қалпына келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстар барысы, ТЖ ауданында басқару мен байланысты ұйымдастыру) талдайды;

3) қолда бар болжамды, АҚМЖ болжау мен мониторингтеудің басқа жүйелерін зерделейді;

4) ТЖ аудандарындағы ТЖД басшылығының, ТЖД жедел тобы жеке құрамының орналасқан жерін нақтылайды, олармен байланыс тәртібі;

5) жедел кезекшілік атқару кезінде анықталған ескертулер мен кемшіліктерді талдайды;

6) ТЖД басшылығының өкімдері мен нұсқауларын орындауға (орындауды бақылауға), сонынан БКДҚБ бастығына баяндай отырып, қабылдайды;

7) алдағы кезекшілікке түсуге әзірлігін жеке тексереді және АЖК міндеттер қояды;

8) жаңа ауысымның кезекшілікке әзірлігін тексереді;

9) тексеріп болған соң Қызмет кітабына жазу жазады және БКДҚБ бастығына ауыстыратын жедел кезекшімен бірге кезекшілікті қабылдау және тапсыру туралы баяндайды.

17. Жедел кезекшілікті атқаруды АЖК жеке құрамы ТЖД басшылығы бекіткен күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырады. Барлық АЖК үшін жұмыс ұзактығы 09-00-ден бастап 09-00 сағатқа дейін. АЖК жеке құрамы жедел кезекшілікке түскен сәттен бастап оны атқарудың соына дейін жедел кезекшіге бағынады және нормативтік құқықтық актілермен және жедел кезекшінің өкімдерімен белгіленген тапсырмаларды уақтылы және нақты орындау үшін жауап береді.

18. Жедел кезекшілік атқарумен байланысты міндеттерді шешу үшін АЖК жеке құрамын тартуға тыйым салынады.

19. Жедел кезекші жедел кезекшілікке түскен сәттен бастап және оны атқару соына дейін АЖК жеке құрамы үшін тікелей бастық болып табылады.

20. Кезекші ауысымның лауазымды адамдарына:

1) жедел кезекшінің рұқсатынсыз кезекшілік атқару орнын тастан кетуге;

2) бөгде адамдарға қызметтік ақпаратты таратуға және беруге;

3) лауазымдық міндеттермен және нұсқаулықтармен көзделмеген тапсырмаларды орындауға тыйым салынады.

21. АЖК орындайтын белгілі бір іс-қимылдары бойынша БКДҚБ келіп түсетін жедел ақпарат және қызметтік сипаттағы ақпарат Жедел кезекшінің жазба дәптеріне енгізіледі.

22. АЖК жеке құрамы № 10542 мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген номативтік құқықтық акті "Азаматтық қорғау органдарының және уәкілетті органның ведомствосына ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері мен өзге де жұмыскерлері үшін арнайы нысанды киім үлгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 146 бұйрығына сәйкес арнайы нысанды киім-кешекте кезекшілік атқарады, өзімен бірге қызметтік күелігі, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетілген фотосуреті бар төске тағатын бейдж болуы қажет.

23. ТЖД басшылығының, БКДҚБ бастығы келген кезде жедел кезекші немесе оны ауыстыратын адам белгіленген тәртіpte жедел ахуал туралы баяндайды.

24. БКДҚБ жедел кезекшісі немесе оны ауыстыратын адам жоғары тұрған ішкі істер органдарының басшылары, жергілікті атқарушы органдарына, прокуратура органдарына, тексерушілерге өзін таныстырады және олардың келгені туралы ТЖД басшылығына баяндайды.

25. БКДҚБ АЖК жедел кезекшілік атқару қорытындыларын шығару күн сайын АЖК әрбір лауазымды адамын бағалау арқылы жүргізіледі.

26. БКДҚБ бастығы кезекшілік сонында:

- 1) жедел кезекшінің өткен тәуліктегі іс-қимылды талдауды және бағалауды;
- 2) ТЖ-ға ден қою нәтижелері бойынша АЖК іс-қимылдарын талдауды, талқылауды және бағалауды жүргізеді.

27. Жедел кезекші талдау жүргізеді және АЖК әрбір лауазымды адамның іс-қимылына жеке баға береді.

28. Жедел кезекшілікті ұйымдастыру және атқару үшін бақылау оның нақты жай-күйін, мақсаты бойынша міндеттерді орындауға әзірлігін, басшылыққа алатын құжаттар талаптарының орындалу сапасын, жедел кезекшілікті атқару жағдайларын айқындау, кемшіліктердің себептерін анықтау, оларды жою бойынша уақтылы және нақты шаралар қабылдау, АЖК ұйымдастыру бойынша жұмыс нысандары мен әдістерін жетілдіру мақсатында жүргізіледі.

29. Тексеруші қызметкер тесеру нәтижелерін осы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-нысанына сәйкес Тексерушілердің ескертүлері мен ұсыныстары кітабында көрсетеді.

30. жедел кезекшіні немесе оны ауыстыратын адамды кезекшілік атқарудан босатуды ТЖД басшылығы жүзеге асырады. Кезекшілік ауысымның басқа қызметкерлерін БКДҚБ бастығы босатады.

31. БКДҚБ ЖКК осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес жоғары тұрған инстанцияға бақылаудағы аумақтардағы жедел жағдай бойынша мәліметті үздіксіз жинауды,

өндөуді, сондай-ақ солардың негізінде тәулік сайынғы жедел мәлімет дайындауды жүзеге асырады.

32. БКДҚБ ЖКҚ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы жедел ақпаратты ұсынуы бойынша қорсеткіштер осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес ТЖК Дағдарыс жағдайларында басқару орталығына ұсынады.

33. Жедел ақпарат қолданыстағы барлық арналар мен байланыс, құлақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету жүйелері (түрлері) бойынша кейіннен жазбаша түрде расталып, дереу беріледі.

34. ТЖ-ны есепке алу нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10983 болып тіркелген "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алушы жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 175 бұйрығына сәйкес жүргізіледі, ол бойынша мәліметтер өспелі қорытындысымен әр айдың біріне дейін ұсынылады.

35. Жедел ақпаратта осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес Жедел ақпаратты ұсыну нысаны түрінде болған оқиға туралы сипатты, егжей-тегжейлі барлық мәліметті қорсету қажет.

36. АҚМЖ жай-күйі туралы жедел ақпаратты АЖК БКДҚБ сағат 00.00-ден 24.00-ге дейінгі бір тәулік аралығында кезекшілік уақытында қалыптастырады және қорытындылайды, оны одан әрі ТЖД басшылығына, сондай-ақ мұдделі мемлекеттік органдарға жібереді.

37. Жедел жағдай туралы ақпаратты жинау журналдардың үлгілері бойынша осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

6. Жедел жағдай күрделенген кезде жедел кезекшінің іс-қимылы

38. Жедел жағдай кенет күрделенген кезде жедел кезекші немесе оны алмастыруышы тұлға:

1) басшылықтың нұсқауы бойынша құрылымдық және аумақтық бөлімшелердің, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың жеке құрамын құлақтандырады және құлақтандырудың техникалық құралдары және жеке құрамды құлақтандыру кестесі арқылы "Жиын жарияланды" сигналы бойынша жиналуын ұйымдастырады;

2) мұдделі құқық қорғау, арнайы және басқа да мемлекеттік органдарға хабар береді

39. Жедел-қызметтік (жауынгерлік) әзірліктің жоғары дәрежесін не арнайы жедел жоспарларды енгізу туралы сигнал (бұйрықтар, өкімдер) БКДҚБ-ға келіп түскен кезде жедел кезекші:

1) жедел кезекшінің жазбаларына арналған дәптерге сигналдың (бұйрықтың, өкімнің) шартты түрдегі сөзді атауын және оның цифрлық тобын, нақты қабылдау уақытын, қабылдау тәсілін (телефон бойынша, цифрлық телеграмма және т.б.), мемлекеттік органның атауын, ақпаратты жолдаған тұлғаның лауазымы мен тегін, сондай-ақ байланыс телефондарын тіркейді;

2) қабылданған сигналдың нақтылығын және оның (бұйрықтың, өкімнің) атауын тексереді;

3) сигналды қабылдауы туралы ТЖД басшылығына, сондай-ақ БКДҚБ бастығына немесе оны алмастыруши адамға дерен баяндайды;

4) көрсетілген сигналы бар пакетті тексереді, оның атауын және цифрлық тобын салыстырады, алынған мәліметтер толық сәйкес келген кезде пакетті ашады және пакетке баяндалған іс-шараларды орындауға кіріседі;

5) сигнал мен цифрлық тобы сәйкес келмеген немесе келіп түскен сигналға сәйкес келетін пакеттер БКДҚБ-да болмаған жағдайда бұл жөнінде ТЖД басшылығына, сондай-ақ сигнал келіп түскен мемлекеттік органға дерен баяндайды.

7. БКДҚБ АЖҚ оқиғалар мен төтенше жағдайларға ден қою тәртібі

40. БКДҚБ АЖҚ-ның оқиғаларға, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қатеріне немесе туындауына ден қою бойынша іс-қимылы хабарламаны алған сэттен басталады және авариялық-құтқару бөлімшелері күштерінің жұмыс жүргізу орнынан қайтып келуі бойынша аяқталды деп есептеледі және оларға мыналар кіреді:

1) хабарлаушыдан оқиға, ТЖ қатері немесе туындауы туралы хабарламаны қабылдау және оның нақтылығы;

2) қабылданған ақпаратқа ден қою бойынша шешім қабылдау;

3) бағыныстылығы бойынша жоғары түрған басқару органдарына және жергілікті атқарушы органдарға ТЖ қатері немесе туындауы туралы ақпаратты белгіленген тәртіпте ұсыну;

4) тұрақты әзірліктегі күштерді ТЖ орнына жіберу;

5) құзыреттілігі бойынша өзара іс-қимыл жасаушы кезекші-диспетчерлік қызметтермен ақпарат алмасу;

6) авариялық-құтқару күштерінің шығуын бақылау;

7) жоғары түрған басқару органдарының нұсқаулары бойынша халықты ТЖ қатері немесе туындауы туралы құлактандыру;

8) БКДҚБ-нің құжаттамасын жүргізу.

8. Хабар берушіден оқиға, төтенше жағдайдың қатері немесе туындауы туралы хабарламаны қабылдау

41. БКДҚБ-ға оқиға, ТЖ қатері немесе туындауы туралы хабарламалар жеке немесе занды тұлғалардан бірыңғай "101" және "112" телефон нөмірлері, оның ішінде жедел телефон нөмірлері бойынша келіп түседі.

42. Хабарламаларды қабылдауды БКДҚБ-ның кезекші-диспетчерлік құрамы белгіленген тәртіпте жүзеге асырады және мыналарды қамтиды:

1) хабар берушімен дауыстық байланыс орнату (қонырауды қабылдау, қайта хабарласу);

2) хабар берушіден сұрау салу;

3) қабалданған ақпаратты тіркеу;

4) қабылданған ақпарат бойынша жағдайды (оқиғаны) нақтылау;

5) бұдан кейінгі іс-қимылдарды қабылдау үшін БКДҚБ-ның жедел кезекшісінің құзыретті кезекші қызметті (БКДҚБ-ның кезекші-диспетчерлік құрамына кіретін) анықтауы;

6) қабылданатын шешімдері ТЖД құзыретіне кірмейтін ақпараттар түскен кезде БКДҚБ-ның кезекші-диспетчерлік құрамы қабылданған ақпаратты құзыреттілігі бойынша тиісті кезекші-диспетчерлік қызметке жолдау қажет;

7) қажет болған жағдайда қалыптасқан жағдайда өзін-өзі ұстау туралы хабар берушіге ұсынымдар беру (дербес өзі жасаған);

43. Диспетчердің автоматтандырылған жұмыс орнын қолдану кезінде хабарламаны қабылдау электронды карточкадағы тиісті жолдарды толтырып жүргізіледі.

9. Қабылданған ақпаратқа ден қою бойынша шешім қабылдау

44. Қабылданған ақпаратқа ден қою бойынша шешім қабылдау құзыреттілігі жағдайға байланысты БКДҚБ-ның кезекші-диспетчерлік құрамының лауазымдық нұсқаулықтарымен айқындалады.

45. Шешім қабылдауға мыналар кіреді:

1) оқиғаның немесе ТЖ-ның күрделілігі мен ауқымын алдын-ала бағалау;

2) құзыретіне оқиғаларға, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға ден қою кіретін кезекші қызметтерге, өзара іс-қимыл жасаушы кезекші-диспетчерлік қызметтерге ақпарат беру қажеттілігін айқындау;

3) талап етілетін авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарының есептобы;

4) оқиға немесе ТЖ орнына күштер мен құралдардың шығуына команда беру;

5) авариялық-құтқару және басқа ведомстволардың коммуналдық қызметтерінің тұрақты өзірлікегі күштерін шақырудың (тартуудың) қажеттілігін айқындау;

6) ТЖК бөлімшелерінің, құзыреттілігі бойынша өзара іс-қимыл жасаушы кезекші-диспетчерлік қызметтердің, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларын, халықты құлақтандырудың қажеттілігін айқындау.

46. Күштер мен құралдарды оқиға, ТЖ орнына жіберу туралы шешім қабылдау жою жоспарларына сәйкес көзделеді.

10. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар келіп түсken кезде азаматтық қорғau органдары кезекшісінің іс-қимылы

47. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы ақпаратты қабылдау және тіркеу тәртібі нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 9744, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сонымен қатар Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларында (бұдан әрі - СДТТБТ), Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық процестік кодекстерінде көзделген.

48. Телефон арқылы қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар төтенше жағдай туралы хабарламаны қабылдаған кезде, кезекші қылмыстық құқық бұзушылық болған жерді, уақытын, хабар берушінің (зардал шеккеннің) аты-жөні, анкеталық мәліметтері және мекенжайы (тұрғылықты мекенжайы) және қылмыстық құқық бұзушылық жасау себептері, қылмыс жасаған тұлғалар туралы мәліметті және қылмыстың ашылуына септігін тигізетін басқа да мәліметтерді (куәгерлер, оқиғаны көргендер және т.б.) анықтайды.

49. Күштер мен құралдарды оқиға орнына жібергеннен кейін кезекші АТК-1 электронды ақпараттық есепке алу құжатының деректемесін ақпарат тіркеу кітабына тіркейді.

50. Бұл ретте "Оқиғаның сипаттамасы" деректемесінде оқиға жөнінде толық ақпарат қысқартусыз, хабар беруші туралы деректер, байланыс телефондары, сондай-ақ басқа да ұсынылған мәліметтер көрсетіле отырып енгізіледі.

51. Төтенше жағдаймен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат СДТТБТ қағидаларына сәйкес аумақтылығы бойынша тиісті төтенше жағдайлар басқармасына (бөліміне) (төтенше жағдай орын алған орны бойынша) жолданады.

52. Тиісті деректемелерді толтыра отырып, АТК-2 электронды ақпараттық есепке алу құжаты бір уақытта қойылады (аумақтылығы бойынша жолдама).

53. Қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтау расталған жағдайда (дене жарақатын салу фактісі, қасақана өртеу, адамдар өлімі, төтенше жағдайларға байланысты ірі көлемдегі материалдық шығын келтіру) кезекші қылмыс орнына кезекші жедел-тергеу тобын жіберу қажеттілігі туралы ПБ кезекші бөліміне хабар береді.

54. БКДҚБ бастықтары қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпараттардың уақтылы тіркелуін, сонымен қатар АТК-1, АТК-2 барлық қажетті деректемелердің толтырылуын күнделікті бақылауды жүзеге асырады.

55. "101" (өрт қызметі), "102" (құқық қорғау қызметі), "103" (жедел медициналық қызмет), "104" (авариялық қызмет) телефон нөмірлері бойынша жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен хабарламаларды қабылдау және оларға дең қоюдың бұрын қабылданған тәртібі сақталады.

Қазақстан Республикасы
аумағында кезекшілік-диспетчерлік
қызметтерінің қызметін үйлестіру
қағидаларына
1-қосымша

1-нысан

Қызмет кітабы

(басқару органы)

Басталды 20 __ ж. " __ "

Аяқталды 20 __ ж. " __ "

201 __ ж.

Бекітемін

ТЖД БКДҚБ бастығы

201 __ жылғы " __ "

Қызметке наряд

201 __ ж. " __ " сағат 09.00-ден 201 __ ж. " __ " сағат 09.00-ге дейін

1. БКДҚБ жедел-кезекші аудысмының құрамы:

p/c №	Лауазымы	Атағы	Т.А.Ә.
1	Жедел кезекші		
2	Аға инспектор-кезекші		
3			
4			

2. ТЖД басшылығының нұсқауы (өкімі):

3. Бақылаудағы ақпараттар:

4. ҚБПУ, құпия күжаттарды қабылдау-тапсыру:

p/c №	Атауы	Мөрлер	Бүтіндігі
1	Құпия күжаттары бар сейф		
2	Кілттері бар тубус		

5. Жедел-кезекшінің тізімдемесіне сәйкес мүліктердің жай-куйі:

6. Байланыс құралдарының, ұйымдастыру техникаларының, бағдарламалық қамтамасыз ету және басқа да жабылқтардың жай-куйі:

7. Кезекші тәуліктегі ТЖ туралы жедел ақпарат:

p/ с №	Төтенше жағдайлар	Саны	Күткәрілды адам/ балалар)	(Эвакуацияланды адам/ балалар)	(Қаза болды адам/ балалар)	(Ауруханаға жатқызылды (адам/ балалар)
1	Табиғи сипаттағы					

2	Техногендік сипаттағы				
3	Жиыны				

8. ТЖД күштері мен қуралдары туралы мәлімет:

Жедел кезекшілікте	ТЖ департаменттерінің "ӨСЖАҚЖК" ММ	"Жедел құтқару бөлімшелері	"Орт сөндіруші" АҚ	"Апаптар медицинасы орталығы" ММ
Адам				
Техника бірлігі				

Кезекшілікті тапсырды:

_____ (қолы)

Кезекшілікті қабылдады:

_____ (қолы)

2-нысан

Тексерушілердің ескертулері мен ұсыныстарына арналған кітап

Тексеру күні, уақыты	Тексеру жүргізетін жоғары тұрған ішкі істер органы өкілінің лауазымы, арнаулы атағы, тегі, инициалдары және қызметтік телефон нөмірі. Тексеру нәтижелері, ескертулері және ұсыныстары, тексерушінің қолы	Тексеру нәтижелері бойынша қабылданған шаралар

Қазақстан Республикасы
аумағында кезекшілік-диспетчерлік
қызметтерінің қызметін үйлестіру
қағидаларына
2-қосымша

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШІКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
ТӨТЕҢШЕ ЖАҒДАЙЛАР КОМИТЕТИ**

облысының, қаласының Төтенше жағдайлар департаменті

20__ ж."__" ____ 00 сағ. 00 мин. бастап 24 сағ. 00 мин. дейінгі
тәулік ішіндегі _____ облысы аумағында болған төтенше
жағдайлар мен оқиғалар туралы
ЖЕДЕЛ АҚПАРАТ

Откен тәулікте _____ облысы аумағында _ төтенше жағдай
тіркелді, оның ішінде __ табиғи, __ техногендік сипаттағы, соның
салдарынан __ адам (инфекциялық ауру____, судағы____, өрттегі____
оқиға, жазатайым оқиға - __) қаза болды және __ адам (өндірістегі
оқиға - __) емханаға жатқызылды.

_____ облысы Төтенше жағдайлар департаменті бөлімшелері _____
авариялық-құтқаруға шығуды жүзеге асырды, соның ішінде _____ адам
құтқарылды және _____ адам эвакуацияланды.

Табиғи төтенше жағдайлар

Метеорологиялық қауіпті құбылыш

Гидрологиялық қауіпті құбылыш

Табиғи өрттер

Инфекциялық ауру және улану

Судағы оқиға

Техногенлік төтеншे жағдай

Түрмистық өрттер

Өндірістегі оқығалар

Оқ-дәрілердің табылуы

ОБЛЫСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ КҮШТЕРІ
ІЗДЕУ ЖӘНЕ
АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖУРГІЗУІ

СЕЙСМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ
(жер сілкінісіне ұшырағыш облыстар үшін)

СЕЛ (ҚАР КӨШКІНІ) ЖАҒДАЙЫ
(сел, қар көшкіні жүруіне ұшырағыш облыстар үшін)
Тұсу шамасына қарай қауіпті құбылыстар туралы мәліметтер.
Болжам жасау комиссиясының деректері бойынша
СЕЙСМИКАЛЫҚ БОЛЖАМ
(жер сілкінісіне ұшырағыш облыстар үшін)

"ҚАЗСЕЛДЕНҚОРҒАУ" ММ деректері бойынша
СЕЛ (ҚАР КӨШКІНІ) БОЛЖАМЫ
(сел, қар көшкіні жүруіне ұшырағыш облыстар үшін)

ГИДРОМЕТЕОБОЛЖАМ

Дауылды ескерту

облысы, қаласы

Төтенше жағдайлар департаментінің
бастығы

mail: _____

Орындаған:

Қазақстан Республикасы
аумағында кезекшілік-диспетчерлік
қызметтерінің қызметін үйлестіру
қағидаларына
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар
комитетінің Дағдарыс жағдайларында басқару орталығына Бірынғай
кезекшілік-диспетчерлік қызметі басқармасының жедел-кезекшілік
аусымының Төтенше жағдайлар туралы жедел ақпарат ұсынуы
бойынша көрсеткіштер**

ТЖ көзінің атауы	ТЖ-га жатқызылатын көрсеткіштер
1. Техногендік сипаттағы ТЖ	
1.1. Теміржол көлігінде (оның ішінде метрополитендерде)	жылжымалы құрамның кирауы, жолдан шыгуы, төсемнің зақымдалуы, жолаушылар пойыздары қозғалысының бір сағаттан аса уақытқа токтауы (түрүп қалуы); метрополитенде 30 және одан артық минутқа; қаза болғандар, жарақаттанғандар саны үш адам және одан да көп болуы; кез келген өрт, жарылыстар фактілері
1.2. Автомобиль көлігінде	қаза болғандар, жарақаттанғандар болған кезінде өрттер, жарылыстар; мұнай өнімдерінің, жанғыш және улы заттардың прекурсорлар мен басқа да заттардың 1 тоннадан астамкөлемде төгілуі; 5 адамнан артық қаза болғандар және 10 немесе одан көп адам жарақаттанған жағдайдағы ауыр салдары бар жол-көлік оқиғалары; 10 және одан да көп автокөлік құралдары зақымданған;

ұшу алаңындағы және әуежайдың өрттер, жарылыстар, әуе кемесінің,

1.3. Жер мен әуедегі әуе кемелерімен болған авиаапаттар мен авиациялық тосын оқигалар, әуежайларда зымырандық-ғарыштық апаттар мен авариялар және ұшу алаңдары мен әуежайлардан, ұшу алаңдар мен елді мекендерден тыс авариялар

	зымырандық-жарыштық аппараттар (бұйымдар) мен олардың сынықтарының құлауы, кираву; қаза болғандар, жарақаттанғандар болуы;
1.4 Су көлігінде	кемелердің су астына кетуі, соктығысуы, аударылуы; қаза болғандар, жарақаттанғандар саны үш және одан да көп адамболуы; кез келген өрт, жарылыс фактілері
1.5. Тіршілікті қамтамасыз етудің коммуналдық жүйелерінде (жылу желілерінде, ауыз сумен қамтамасыз ету, коммуналдық газ құбырларында), ағын суларды тазарту құрылыштарында	өрттер, жарылыстар, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін 1 тәулікке немесе одан да көп уақытқа сөндіру, қаза болғандар, жарақаттанғандар болуы
1.6. Магистральды құбыр жолдарында	қаза болған, жарақаттанған адамдар болған кездегі өрт, жарылыстар; закымдану, үзілүлер; 1 тонна көлемінде мұнайдың авариялық төгілуі немесе 100 м ³ көлемдегі газдың таралуы
1.7. Шахтада, жер асты және тау-кен қазбаларында	өрт, жарылыстар, тау-кен қазбаларының құлауы, үйінділері, қаза болғандар, жарақаттанғандар болуы кезінде шахта жұмысының толық тоқтауына әкеп соктыратын технологиялық процестің бұзылуы;
1.8. Өндірістік объектілерде	жарылыстар, аясының мәнінен немесе шекті рұқсат етілген концентрациядан, шекті рұқсат етілген деңгейден айтарлықтай асып кететін қоршаған ортасын ластануы, бір тоннадан асатын мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуі мұнай-газ бұрқағы, (100 м ³ көлемде мұнай мен газы бар күкіртті сутектің ауаға шығарылуы) мұнай газ су көріністері, су жайылуы, технологиялық процестің бұзылуы кезкелген фактілері; қаза болғандар саны бір адам және одан да көп болуы; жарақаттанғандар саны үш адам және одан да көп болуы; кала салушы, стратегиялық мақсаттағы, ҚР индустріалдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы бойынша құрылған объектілердегі өрттер немесе 100 м ² және одан да көп аумағымен жанулар;
1.9. Жаңадан салынып жатқан объектілерде	ҚР индустріалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы бойынша құрылған объектілердегі қаза болған, жарақаттанған адамдар болуы кезіндегі жарылыстар, өрттер, сондай-ақ 300 м ² және одан да көп аумақтағы жанулар;
1.10. Энергетикалық объектілер мен энергия блоктарында (гидроэлектростанцияларда, жылуэлектростанцияларда және 220 кВ және одан да көп қуаты бар кіші электр желілерінде)	1 және одан да көп тәулікке электр энергиясының сөнуіне әкеп сокқан авариялар, қаза болғандар, жарақаттанғандар саны үш адам және одан да көп болуы; кез келген өрт, жарылыстар фактілері
1.11. Биологиялық, химиялық, радиациялық қауіпті объектілерде	адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төндіретін қауіпті заттардың ауаға таралуымен байланысты авариялар, қаза болғандар, жарақаттанғандар саны үш адам және одан да көп болуы; кез келген өрт, жарылыстар фактілері
1.12. Ауылшаруашылығы объектілерінде	қаза болғандар, жарақаттанғандар саны үш адам және одан да көп болуы кезіндегі өрттер, жарылыстар; 50 және одан да көп мал басының қырылуы; 100 және одан да көп үй құсының қырылуы; 100 және одан да көп тонна шөптің жанып кетуі; 20 және одан көп тонна бидайдың жанып кетуі

<p>1.13. Аса маңызды мемлекеттік объектілерде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) орталық атқарушы мемлекеттік органдардың, арнары, құқық-корғау органдарының, олардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың әкімшілік ғимараты мен объектілері; 2) ҚР Ұлттық банк объектілері 	<p>кеz келген өрт, жарылыс фактілері</p>
<p>1.13.1. Стратегиялық объектілерде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ҚР Мемлекеттік күзет қызметі, құқық қорғау органдары корғайтын, сондай-ақ аса маңызды мемлекеттік мәні бар ҚР объектілері; 2) әскер бөлімдер, құралымдар; 3) мемлекеттік материалдық резервтерімен объектілер (меициналық дәрі-дәрмектерді сақтау қоймасы, азық-түлік және заттай мүлік қоймалары; 4) сот-медициналық сараптама жүргізетін мемлекеттік үйімдар; 5) ғарыш инфрақұрылым объектілері; 6) тіршілікті қамтамасыз ету объектілері; 7) байланыс, республикалық маңызы бар теле және радио хабар тарату объектілері. 	<p>кеz келген өрт, жарылыс фактілері</p>
<p>1.13.2. Адамдардың жаппай жиналатын объектілерінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) 500 м² және одан да көп аумағы бар сауда объектілері; 	

<p>2) қогамдық тамактану объектілері;</p> <p>3) концерт залдары;</p> <p>4) спорт және ойын-сауық құрылыштары;</p> <p>5) білім беру үйімдары;</p> <p>6) денсаулық сақтау үйімдары;</p> <p>7) туристерді орналастыру орындары (конақ үйлер, мотельдер, кемпингтер, турбазалар, конақ күтетін үйлер, демалыс үйлері);</p> <p>8) өзге көпшілік құрылыштар (елшіліктер және дипломатиялық өкілдіктер, ғибадат ғимараттары, мемлекеттік органдар объектілері, жеке және заңды тұлғалар;</p> <p>9) көлік құрылыштары (вокзалдар, станциялар, айлактар, әуежайлар, әуеайлактар).</p>	<p>кез келген өрт, жарылыс фактілері</p>
<p>1.14. мұнай және газ конденсатты кен орындарында</p>	<p>кез келген өрт, жарылыс фактілері</p>
<p>1.15. Жарылғыш құрылғылардың жарылуы, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш құрылғыларын, оқ-дәрілерді табу (жоғалту)</p>	<p>Бақылауға алынбайтын жарылыстардың, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш қондырғыларды анықтау немесе жоғалтудың кез келген жағдайлары</p>
<p>1.16. Өнеркәсіптік объектілерде, түрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени-демалу, оқу-тәрбие мақсаттарындағы ғимараттарда (құрылыштарда), ашық аумақтарда</p>	<p>қатты әсер ететін улы немесе биологиялық (бактериологиялық) қауіпті заттардың жайылуынан немесе ауага тараптын авариялар, қатты әсер ететін улы немесе биологиялық (бактериологиялық) қауіпті заттардың шығу көзінің кез келген жоғалу немесе анықталу фактілері</p>
<p>1.17. Атом электрстанцияларында (бұдан әрі - АЭС),</p>	<p>Санитариялық қорғаныш аймағынан тыс қоршаған ортандың шекті жол берілген деңгейден 100 және одан көп радиоактивті ластануы; осы АЭС (қондырғылар) үшін шекті жол берілген тәулік тікшішілерден 10 есе артық</p>

ғылыми–зерттеу мекемелерінде	радиоактивті заттардың жайылуы; трансшекаралық таралуға әкеп соғатын радиоактивті заттардың шығуымен болатын авариялардың кезкелген фактісі, кез келген өрт, жарылыс фактілері
1.18. Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасынан 30 шақырым шегінде	Радиацияның жоғары деңгейін тіркеу – кез келген факті
1.19. Иондаушы сәулелену көздерін анықтау (жоғалту)	Иондаушы сәулелену көздерін жоғалтудың, ұрлаудың немесе анықтаудың кез келген фактісі
1.20. Радиоактивті калдықтарды сактау пункттеріндегі, қолданылған ядролық отын қоймаларындағы (контейнерлеріндегі) авариялар	Кез келген факті
1.21. Бөгеттердің (бөгендер, шлюздар) бұзылуы	халық пен аумактарғақатер төндіретін жағдайлар;
1.22. Тұрғынүй, өндірістік, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени мақсаттағы құрылыштар, көліктік коммуникация элементтерінің (көпірлердің, туннельдердің және басқа да құрылыштардың) кенеттен қирауы	халықтың тіршілік әрекетін қамтамасыз ету және шаруашылық жүргізу объектілерінің жұмыс істеуі жағдайының бұзылуына алып келген; кaza болғандар, жарақаттанғандар саны екі адам және одан да көп болуы;
1.23. Атмосфералық ауаның ластануы	Атмосферадағы шекті жол берілген зиянды қоспалар концентрациясының 50 есе және одан көп артуы: 8 сағат ішінде 30–49 есе; 2 тәулік ішінде 20–29 есе; қышқыл шөгінділерінің көлемді аймағының пайда болуы;
1.24. Теңіз (өзен) суыбытінің ластануы	Егер бұл акваториялар үнемі ластану аймағы болып табылмаса, шекті жол берілген ластаушы заттардың 100 есе және одан көп барынша бір жолғы артуы, су ісінің 4 балдан аса қарқынмен және суға тән емес ерте пайдаболуы, балықтар мен басқа да су ағзаларының жойылуына әкеп соқтыратын улағыш заттардың пайда болуы, ерітінді оттек құрамын 2 мг/л және одан аз төмендету; көлемі 6 м ² су айдынының 1/3 және одан көп ауқымын төсеммен жабу; ауыр металдар (соның ішінде радиоактивті) мен басқа да зиянды заттардың шекті жол берілген концентрациядан немесе шекті жол берілген деңгейден жоғары болуы;
1 . 2 5 . Топырактың ластануы	ауырметалдар (соның ішінде радиоактивті) мен басқа да зиянды заттардың шекті жол берілген концентрациядан немесе шекті жол берілген деңгейден жоғары болуы, химиялық қауіпті және экологиялық зиянды заттар бойынша шекті жол берілген концентрациядан немесе шекті жол берілген деңгейден 50 есе және одан артық болуы немесе радиоактивті заттар бойынша 100 есе және одан көп болуы, жердің және жер қойнауының өнеркәсіптік сипаттағы токсиканттармен ластануы, аясының мәні жол берілген концентрациядан 50 немесе 100 шекті есе артуы; жер қыртысының санитариялық-токсикологиялық

	критерийлер бойынша шекті жол берілген концентрациядан пестицидтермен 50-ден көп немесе 100 га аумақ тафотоксикологиялық критерийлер бойынша шекті жол берілген концентрациядан 10-нан көп ластануы.
1.26. Өрттің шығуынсыз өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы салдарынан болған түншықтырығыш газбен улану;	қаза болғандар, жарақаттанғандар болған кезде
1.27. Тұрғын үй ғимараттарында (күрылыштарда), саяжай үйлерінде, гараждарда, моншаларда (жеке), шаруашылық күрылыштарында	300 м ² және одан да үлкен аумақтағы өрттер немесе жарылыштар қаза болғандар, жарақаттанғандар болған кездегі жарылыштар
2. Табиғи сипаттағы ТЖ	
2.1. Жерсілкіністері	MSK-64 шкаласы бойынша 2 және одан көп балл қарқындылығы.
2.2. Геологиялық қауіпті құбылыштар: сырғымалар, опырыулар, сусымалар, тас құлауы, орман жыныстары, жердің үстіндегі қабатының шөгүі	Шаруашылықтың басқа салаларының жұмыс істеуінің бұзылуы кезінде; қаза болғандар, жарақаттанғандар болуы
2.2.1. Селдер	Елді мекендер, шаруашылық кешені объектілері болған зақымдалған аймақта селдің жүруі, қаза болғандар, жарақаттанғандар болуы
2.3. Метеорологиялық қауіпті құбылыштар	Тұрғындардың тіршілік әрекеттері және шаруашылық объектілердің жұмыс істеуінің бұзылуына әкеп соқтыруы; қаза болғандар, жарақаттанғандар болуы
2.3. 1. Қатты жел (соның ішінде құйындар мен дауылдар)	желдің 25 м/сек және одан көп екпіні
2.3.2. Ірібұршақ	Бұршақ диаметрі 20 мм және одан көп;
2.3.3. Қатты жаңбыр (нөсер)	Жауын-шашын мөлшері 12 және одан аз сағат ішінде 50 мм және одан көп, ал таулы, сел және нөсер қауіпті аудандарда – 12 және одан аз сағат ішінде 30 мм және одан көп;
2.3.4. Қатты кар жауу	жауын-шашын мөлшері 12 сағат ішінде 20 мм және одан көп;
2.3.5. Қатты бұрқасын (кар құрсаулары)	Желдің екпіні 15 м/сек жылдамдығы кезінде ұзактығы 12 сағат және одан көп;
2.3.6. Қатты көктайғак, қаттымұз басу, жабысқақтар	Сымдардағы шөгінділердің диаметрі 20 мм және одан көп, жол участкеріндегі мұздың болуы 1 шақырым және одан көп;
2.3.7. Қатты аяз, қатты ыстық	КР ПМ ТЖК аумақтық бөлімшелері жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып айқынрайды;
